

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 28 қазандағы N 174

1997 жылғы 8 сәуірде Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы  
КЕЛІСІМ**

2005 жылғы 1 мамырда күшіне енді (Қазақстан Республикасының Сыртқы істер Министрлігінің ресми сайты)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі, инвестицияларды қолдау мен өзара қорғаудың екі Уағдаласушы Тарап арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық интымақтастықтың дамуына жәрдемдесетінін, сондай-ақ екі мемлекеттің де игілікті тұрмысын арттыратынын ұғына отырып, бір Уағдаласушы Тарап инвесторларының екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестиция жасауы үшін қолайлы жағдай жасауға ұмтыла отырып, теңдік, өзара құрметтеу, егемендік және өзара тиімділік принциптеріне сүйене отырып, мыналар жөнінде келісті:

**1-бап**

**Анықтамалар**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Инвестициялар" термині бір Уағдаласушы Тараптың инвесторы екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында салған кез келген актив дегенді білдіреді, атап айтқанда, бірақ тек бұл ғана емес:

а) қозғалатын және қозғалмайтын мүлік және аманаттық, ипотеканы немесе өзге кепілді ұстап қалу құқығын қоса алғанда, оларға байланысты кез келген басқа мүліктік құқықтар және банк шоттарындағы және басқа қаржы мекемелеріндегі ақша қаражаты;

б) акциялар, салымдар (пайлар), облигациялар және кәсіпорындарға, шаруашылық серіктестіктері мен қоғамдарға, бірлестіктер мен Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының заңдарына сәйкес тіркелген заңдармен танылған өзге де заңды тұлғаларға қатысудың кез келген басқа нысаны;

в) займдар, несиелер, банктік және қаржылық мақсатты салымдар және инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты өзге де ақшалай талаптар;

г) авторлық құқықпен қорғалатын объектілерді қоса алғанда, интеллектуалдық және өнеркәсіптік меншік объектілеріне деген құқықтар, патенттер, тауарлық белгілер, қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулар, өнеркәсіптік үлгілер мен "ноу-хау";

д) кірістер және негізгі қарыз төлемдері мен несиелер келісімдері бойынша өсімдерді қ а й т а и н в е с т и ц и я л а у ;

е) табиғат ресурстарын барлау, игеру, өндіру немесе пайдалану арқылы көрінетін концессия құқығын қоса алғанда заң немесе шарт бойынша алынған шаруашылық қ ы з м е т к е д е г е н құ қ ы қ т а р .

## 2. "Инвестор" термині:

а) Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылатын және екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында оның қолданылып жүрген заңдарына сәйкес инвестицияны жүзеге асырушы жеке тұлға;

б) Уағдаласушы Тараптардың кез келгеннің заңдарына сәйкес құрылған, оның аумағында орналасқан және екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестицияны жүзеге асыратын заңды тұлға, заңды тұлға құқығы бар немесе онсыз басқа бірлестіктер д е г е н д і б і л д і р е д і .

## 3. "Кірістер" термині:

инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынған немесе олармен байланысты пайданы, дивидендтерді, кәсіпорынды басқарғаны, техникалық қызмет көрсеткені үшін сыйақыны қоса алғанда, ақша немесе нақты нысандағы қаражат және заңды жолмен алынған кез келген басқа қаражат дегенді білдіреді.

## 4. "Аумақ" термині:

Уағдаласушы Тараптарға қатысты:

Уағдаласушы Тараптар халықаралық құқыққа сәйкес өзінің егемен құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын еркін экономикалық аймақтарды, континенттік шельфті және жер қойнауын қоса алғанда, Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттік а у м а ғ ы д е г е н д і б і л д і р е д і .

5. Аумағында инвестиция жасалған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес рұқсат етілген инвестицияның нысанын өзгерту оның инвестиция ретіндегі сипатын өзгертпейді.

## **2-бап**

### **Инвестицияларды көтермелеу мен қорғау**

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторларының инвестицияларына жәрдемдеседі және мұндай инвестицияларға өзінің заңдарына сәйкес рұқсат береді.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестициясы үшін әділ және тең құқықты жағдайды қамтамасыз етеді және басқарудың бетімен кетушілік немесе кемсіту шараларының есебінен осы инвестициялардың айналысына, оларды пайдалануға немесе оларға билік етуге қысым көрсетпейді.

## **3-бап**

### **Инвестициялардың құқықтық режимі**

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз аумағында инвестициялар үшін өз инвесторларының инвестициялары мен үшінші елдер инвесторларының инвестициялары үшін қолайлылығы жағынан кем емес режимді қамтамасыз етеді.

#### **2 . А т а л ғ а н р е ж и м :**

а) Уағдаласушы Тараптардың бірі жекелеген елдердің инвесторларына олармен кедендік немесе экономикалық еркін сауда одағына бірлесіп қатысуына байланысты беретін артықшылықтарына ;

б) Уағдаласушы Тараптардың бірі жекелеген елдердің инвесторына қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімнің немесе салық мәселелері жөніндегі басқа келісімдердің негізінде беретін артықшылықтарына қолданылмайды.

## **4-бап**

### **Экспроприациядан сақтау кепілдіктері**

1. Уағдаласушы Тараптардың бірінің инвесторларының инвестициялары реквизицияланбайды, мемлекет қарамағына алынбайды, экспроприацияланбайды немесе реквизиция, мемлекет иелігіне алу, экспроприация (бұдан әрі - экспроприация) сияқты салдарларға әкеп соғатын өзге шаралар қолданылмайды, бұған экспроприация қоғам мүддесінде жүзеге асырылып және:

- заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес;

- кемсітусіз ;

- бара-бар өтемақыны кідіріссіз төлеу арқылы жүргізілген жағдайлар қосылмайды.

2. Аталған өтемақы экспроприация туралы шешім қабылданған немесе жарияланған күннің алындағы күнгі инвестициялардың нарықтық құнына тең болады. Өтемақы

инвестициялардың қолданылып жүрген өсім ставкасына сәйкес келетін және экспроприация күнімен өтемақы нақты төленген күн аралығындағы кезеңге есептелінген өсімді қамтуға тиіс. Өтемақы инвестиция қандай валютада жасалған болса, сондай валютада не инвестордың келісімімен кез келген басқа валютада төленеді. Өтемақы шетелге шектеусіз және артық кідіріссіз аударылуға тиіс.

## **5-бап**

### **Зиянды өтеу**

1. Бір Уағдаласушы Тараптың аумағындағы соғыстың немесе басқа қарулы қақтығыстың, төтенше жағдайдың, азаматтық қақтығыстардың немесе осындай жағдайлардың нәтижесінде инвестицияларына зиян келтірілген екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторларына оларға жоғарыда аталған жағдайлардың нәтижесінде шеккен зиянын өтеу кезінде өз инвесторларына не үшінші ел инвесторларына қатысты қолданылатыннан қолайлылығы жағынан кем емес режим ұсынылады. Бұл ретте жүргізілетін төлемдер еркін айналысқа салынатын және еркін аударылатын болады.

2. Осы баптың (1)-тармағына зиянын келтірместен, осы тармақта айтылған кез келген жағдайда бір Уағдаласушы Тараптың инвесторларына екінші Уағдаласушы Т а р а п т ы ң а у м а ғ ы н д а :

а) олардың меншігін құқық қолдану органдары және әскери күштер немесе өкімет а л ы п қ о й ғ а н д а ; н е м е с е

б) олардың меншігін құқық қолдану органдары немесе әскери күштер немесе өкімет әскери әрекеттерден немесе жағдай қажеттілігінен туындамаған жағдайларда жоюының нәтижесінде зиян келтірілсе, зиянның орны толтырылуға немесе бара-бар өтемақы төленуге тиіс. Бұл ретте жүргізілетін төлемдер еркін айналысқа салынатын және еркін аударылатын болады.

## **6-бап**

### **Инвестицияларға байланысты төлемдерді аудару**

1. Уағдаласушы Тараптар инвестицияларға байланысты барлық қаражат аударулар еркін және артық кідіріссіз, капитал әуелде орналастырылған еркін айналыстағы валютада немесе инвестормен және мүдделі Уағдаласушы Тараппен келісілген кез келген басқа валютада Уағдаласушы Тараптың заңдарында белгіленген рәсімге сәйкес жүргізілетініне кепілдік береді, ол рәсімде:

- мұндай аударымдарды еркін аударым құқығының өзін бұзбау ескерілген рәсімдеу е р е ж е л е р і ;

- салықтар, аударылатын сомалардан алымдар мен ұстап қалулар;

- несие берушілердің заңды құқықтарын қорғау немесе сот қарауы барысында шығарылған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету көзделуі мүмкін.

Осы Келісімге аударымдар:

- әуелі және қосымша инвестицияланған капиталды;  
- п а й д а н ы ;

- Осы Келісімнің 4 және 5-баптарына сәйкес өтемақыларды;

- несие келісіміне сәйкес төлемдерді, сондай-ақ интеллектуалдық және өнеркәсіптік меншікке деген құқықтарға байланысты сыйақыларды;

- екінші Уағдаласушы Тараптың инвестицияларға байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалары үшін тұрақты негізде еңбекақы төлеуді;

- инвестицияның бір бөлігін немесе барлығын сатудан немесе жоюдан түскен п а й д а н ы қ а м т и д ы .

2. Осы бапта аталған ресім әділ және кемсітусіз болуға тиіс. Инвестормен басқа уағдаластық болмаған жағдайда аударымдар аударым жасау күніндегі, қолданылып жүрген айырбас ережелеріне сәйкес белгіленген айырбас бағамы бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Аударымға байланысты нысандық әрекеттерді орындау үшін қалыпты талап етілетін уақыт ішінде жүргізілген аударым "артық кідіріссіз" аударым болып есептеледі .

## **7-бап**

### **Суброгация**

1. Егер Уағдаласушы Тарап немесе ол өкілеттік берген қандай бір институт оның Мемлекетінің кез келген инвесторына кепілдік немесе инвестицияға байланысты жасалған сақтандыру шеңберінде төлем жасаса, екінші Уағдаласушы Тарап бірінші Уағдаласушы тарапқа немесе оның институтына инвесторға тиесілі кез келген құқықтарды немесе талаптарды бергені танылады. Инвестордың құқықтарын алған Тарап немесе оның кез келген институты инвестор иелініп отырған құқықтарына және осындай құқықтарды дәл сол көлемде талап етуге құқығы болады, бұл ретте осылайша сақтандырылған инвестицияларға байланысты инвестор міндеттемелеріне қатысты ж а й л а р е р е к ш е а й т ы л а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген суброгация жағдайында инвестор, егер оған Уағдаласушы Тарап немесе оның кез келген институты өкілеттік бермесе, талап қоя алмайды.

## **8-бап**

### **Уағдаласушы Тараптар арасындағы даулар**

1. Уағдаласушы Тараптар арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысы даулар дипломатиялық арналар бойынша шешіледі.

2. Егер дау туған күннен бастап алты айдың ішінде Уағдаласушы Тараптар

келісімге келмесе, дау кез келген Уағдаласушы Тараптың талап етуі бойынша құрамында үш мүшесі бар төрелік сотқа беріледі. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы бір төрешіден тағайындайды, ал тағайындалған төрешілер Уағдаласушы Тараптардың екеуімен де дипломатиялық қарым-қатынастағы үшінші мемлекеттің азаматы болып табылатын Төрағаны таңдап алады.

3. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі төреші тағайындамаса және екінші Уағдаласушы Тараптың осындай тағайындау жасау туралы шақыруымен екі айдың ішінде келіспесе, төрешіні осы Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша БҰҰ-ның Гаага қаласындағы Халықаралық сотының Президенті тағайындайды.

4. Егер төрешінің екеуі де төрағаны таңдап алу жөнінде олар тағайындалған күннен бастап екі айдың ішінде келісімге келе алмаса, төрағаны кез келген Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша Халықаралық соттың Президенті тағайындайды.

5. Егер осы баптың 3 және 4-тармақтарында аталған жағдайларда Халықаралық соттың Президенті аталған функцияны орындау алмаса, немесе егер ол Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылса, онда мұндай тағайындауды Вице-президент жасайды, ал егер ол да тиісті функцияларды орындай алмаса немесе Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылса, онда тағайындауды Халықаралық соттың Уағдаласушы Тараптарының ешқайсысының азаматы болып табылмайтын ең жоғары рангсі бар судьясы жасайды.

6. Уағдаласушы Тараптар арасындағы басқа қаулыларды бұзбастан төрелік сот рәсімінің өз ережелерін белгілейді. Төрелік сот көпшілік дауыспен шешім шығарады.

7. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өзінің сот мүшесін ұстау шығыстарды төрелік рәсімдегі өзінің үлесіне сәйкес төлейді; төрағаны ұстау жөніндегі шығыстар мен өзге шығыстарды Уағдаласушы Тараптар тең дәрежеде өтейді. Бірақ сот өзінің шешімінде Уағдаласушы Тараптардың бірінің көбірек қатысуын белгілей алады және бұл шешім Уағдаласушы Тараптың екеуін де міндеттейді.

8. Сот шешімі түпкілікті және Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы үшін міндетті болып табылады.

## **9-бап**

### **Инвестициялық дауларды реттеу**

1. Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы инвестицияға қатысты дауды шешу мақсатында осы Келісімнің 8-бабының қағидаларын кемітпей, мүдделі тараптар арасында келіссөздер жүргізіледі.

2. Егер келіссөз бастау жөніндегі жазбаша ұсыныс жасалған күннен бастап алты ай ішінде келіссөздер шешіммен аяқталмаса, даудың тараптары дауды мынадай ұйымдардың кез келгеніне беру туралы келісімге келе алады:

а) Инвестициялық дауларды шешу жөніндегі халықаралық орталыққа (1965 жылы

19 наурызда Вашингтонда, Колумбия аймағы, қол қою үшін ашылған Инвестиция мәселелері жөніндегі мемлекеттер мен басқа мемлекеттің азаматтары арасындағы дауларды шешу жөніндегі Конвенцияның қағидалары бойынша және Келісілетін төрелік және фактілерді белгілейтін Әкімшілік үшін қолданылуы мүмкін Қосымша қызметтерге); немесе

б) Халықаралық сауда палатасының Төрелік Сотына; немесе  
в) халықаралық төрешіге немесе ad hoc төрелік трибуналына, ол арнайы келісіммен тағайындалуға тиіс немесе БҰҰ-ның Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының төрелік құқықтарына сәйкес құрылады.

3. Егер жазбаша талап қойылған сәттен бастап үш ай мерзім ішінде жоғарыда көрсетілген балама рәсімдердің бірін пайдалану жөнінде келісімге қол жеткізілмесе, онда бұл дау мүдделі инвесторлардың жазбаша нысандағы өтініші бойынша БҰҰ-ның халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының қолданылып жүрген Төрелік ережелеріне сәйкес төрелікке берілуі мүмкін.

## **10-бап**

### **Басқа ережелерді қолдану**

Егер Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының заңдарының ережелері немесе қазіргі кезде бар немесе кейіннен Уағдаласушы Тараптар арасында осы Келісімге толықтыру ретінде белгіленген халықаралық құқық жөніндегі міндеттемелері екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына осы Келісімде көзделгеннен неғұрлым қолайлы режимге құқық беретін ережелерді қамтитын болса, онда мұндай ережелер Осы Келісімнен мейлінше қолайлы болуы дәрежесінде басым болады.

## **11-бап**

### **Күшіне енуі**

Осы Келісім бекітілуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

## **12-бап**

### **Қолданылу мерзімі және тоқтату**

1. Осы Келісім он жыл бойы қолданылады. Мұнан соң ол Уағдаласушы Тараптардың бірі оның күшін тоқтату туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша құлақтандыру жіберген күннен бастап он екі ай өткенге дейін күшінде қала береді. Бұл ретте Осы Келісім қолданылған кезеңде жасалған инвестицияларға қатысты оның ережелері Келісімнің күші тоқтатылған күннен бастап он жыл бойы қолданыла береді және кейін халықаралық құқық ережелеріне кемітілмей қолданылады деген шарт

қ о й ы л а д ы .

2. Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптар арасындағы жазбаша келісім бойынша түзетулер енгізілуі мүмкін. Егер Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты мұндай түзетуді күшіне енгізуге кедергі болатын өзінің барлық шарттарының үйлестірілгені туралы хабарласа, кез келген түзету күшіне енуге тиіс.

1997 жылғы 8 көкекте Алматы қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтін бірдей күшке ие.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде алшақтықтар пайда болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі Келісімнің мәтінін басшылыққа алады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының*

*Үкіметі үшін*